ӘӨЖ 372.893(045)
ҒТАМР 14.35.09
DOI 10.56525/JCLS7816

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Табылдиева О., Өтесова Г., Ережепова Р.
Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан
e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz , gulnar.otessova@yu.edu.kz,
rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқу мазмұны мен әдістерін жаңартуға айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе тарих пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Мақалада тарих пәнін оқытуда цифрлық технологияларды пайдаланудың оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи ойлау тұжырымдамалары, цифрлық білім беру платформалары және интерактивті әдістердің тиімділігі талданды. Сонымен қатар эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, олардың нәтижелері сараланып, шетелдік ғалымдардың тарихи ойлау мен цифрлық білім беру жөніндегі ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, тарих сабағында цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық маңызы көрсетілді.

Мақалада цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылып, олардың білм алушылардың аналитикалық, сыни және интерпретациялық қабілеттеріне әсері талданады.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтау және олардың тарихи ойлау дағдыларын дамытудағы рөлін бағалау.

Зерттеу барысында аралас әдіснама қолданылып, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылды. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың тарихи деректерді талдау, салыстыру және бағалау дағдыларын едәуір жақсартатынын көрсетті.

Зерттеу қорытындысы цифрлық білім беру құралдарын тиімді енгізу тарихты оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді.

Түйін сөздер: тарихи ойлау, цифрлық технология, тарих пәні, интерактивті оқыту, тарихи сана, цифрлық білім беру.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі педагогтардан кәсіби икемділікті,шығармашылық әлеуетті және оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында заманауи цифрлық технологияларды меңгеруді талап етеді.

Қазақстан тарихы пәні тек тарихи деректер мен оқиғаларды игеру ғана емес, сонымен қатар өткенді ғылыми тұрғыдан талдау арқылы қазіргі қоғамдық үдерістерді түсінуге және болашақ дамуға болжам жасауға мүмкіндік беретін маңызды оқу пәні болып табылады.

Дегенмен, әсіресе цифрландыру үдерісі қарқынды дамыған қазіргі кезеңде дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын толық деңгейде қанағаттандырмауы мүмкін.

XXI ғасырда білім беру жүйесін цифрландыру әлемдік деңгейдегі маңызды үдерістердің біріне айналды. Цифрлық технологиялардың дамуы оқыту әдістерінің жаңаруына, білім алушылардың танымдық белсенділігінің артуына және білім сапасының

жақсаруына ықпал етуде. Әсіресе тарих пәнін оқыту барысында цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуда маңызды құрал болып табылады.

Американдық ғалым Сэм Вайнбург тарихи ойлауды «табиғи түрде қалыптаспайтын, арнайы ұйымдастырылған оқыту нәтижесінде дамитын күрделі танымдық әрекет» деп сипаттайды [1]. Оның пікірінше, оқушылар тарихи деректерді талдау, тарихи контексті түсіну және өткен оқиғаларды қазіргі уақытпен байланыстыру арқылы тарихи сананы қалыптастырады.

Ал Питер Сейксас пен Том Мортон тарихи ойлаудың алты негізгі тұжырымдамасын ұсынады: тарихи маңыздылық, дәлелдерді пайдалану, сабақтастық пен өзгеріс, себеп пен салдар, тарихи перспектива және этикалық өлшем [2]. Бұл тұжырымдамалар қазіргі тарих сабақтарының мазмұнын жаңартуда маңызды теориялық негіз болып саналады.

Тарих пәні білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруда ерекше орын алады. Алайда дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе ақпаратты жаттауға бағытталғандықтан, оқушылардың тарихи ойлау дағдылары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Қазіргі педагогикалық бағыттар тарихи ойлауды дамытуға басымдық береді. Бұл дағдыларға тарихи дереккөздерді талдау, оқиғаларды интерпретациялау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және сыни бағалау жатады.

Тарихи ойлау оқушылардың тек тарихи фактілерді есте сақтауымен шектелмейді. Ол тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау, әртүрлі дереккөздерді салыстыру және тарихи қорытынды жасау қабілетін қамтиды.

Брюс Ван Следрайт тарих пәнін оқытуда оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту қажеттігін атап көрсетеді [3]. Оның пікірінше, тарих сабағы деректерді жаттатуға емес, тарихи зерттеу жүргізуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар Линда

Левстик және Кейт Вартон тарихты оқыту барысында оқушылардың белсенді әрекеті мен тарихи зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру маңызды екенін көрсетеді [4]. Бұл идеялар цифрлық технологияларды қолдану арқылы тиімді жүзеге асады.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың тарих пәніндегі рөлі артып келеді. Қазіргі таңда тарих сабақтарында мультимедиялық презентациялар, интерактивті карталар, онлайн тесттер және виртуалды экскурсиялар кеңінен қолданылады. Мұндай ресурстар оқушылардың ақпаратты визуалды түрде қабылдауын жеңілдетеді.

Марк Пренски қазіргі оқушыларды «цифрлық буын» деп атап, олардың технологиялық ортада білім алуға бейім екенін көрсетеді [5]. Сондықтан қазіргі мұғалімдер дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық құралдармен үйлестіруі қажет.

Пуниа Мишра және Метью Кэлер ұсынған TPACK моделі мұғалімнің технологиялық, педагогикалық және пәндік білімді біріктіре қолдануының маңызын дәлелдейді [6].

Материалдары мен зерттеу әдістері. Заманауи білім беру технологияларын қолдану тарих пәнін оқытуды анағұрлым қолжетімді, қызықты және тиімді етуге мүмкіндік береді. Пәнді оқытуда цифрлық құралдар мен интерактивті әдістерді қолдану төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді:

1. оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
2. зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру;
3. пәнге деген оқу мотивациясын арттыру;
4. оқытудың жеке тұлғаға бағытталған тәсілін енгізу.

Атап айтқанда, тарих пәндерінде мен заманауи технологияларды, соның ішінде мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы Google Earth платформасы тарихи орындардың 3D модельдерін құруға, Қазақстан аумағындағы ежелгі бағыттар мен аумақтарды зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Chronas.org интерактивті картасы арқылы Қазақстан аумағындағы шекаралар мен саяси құрылымдардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі өзгерістерін бақылауға болады. Тарихи мазмұнға негізделген жеке карталарды құрастыруға мүмкіндік беретін National Geographic MapMaker сервисін де қолдануға болады.

Қазіргі білім алушылар ақпараттық қоғам жағдайында қалыптасып келеді, бұл қоғамда цифрлық технологиялар, мультимедиялық ресурстар және интерактивті оқыту

құралдары жетекші рөл атқарады. Осыған байланысты оқу үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырумен қатар, олардың тарихи ойлау, талдау және сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Соңғы онжылдықтарда цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Цифрлық құралдарды оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, білім сапасын жақсартуға және оқытудың жаңа формаларын дамытуға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар бұл дағдыларды дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырылады. Олар оқушыларға тарихи материалдарды әртүрлі тұрғыдан зерттеуге, визуализациялауға және дереккөздермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологиялардың тарихи ойлауды дамытудағы тиімділігін анықтау.

Ғылыми әдебиеттерде тарихи ойлау ұғымы кешенді когнитивтік процесс ретінде қарастырылады. Ол тек білімді меңгерумен шектелмей, тарихи ақпаратты талдау мен бағалауды қамтиды.

Зерттеулер тарихи ойлаудың негізгі компоненттеріне дереккөздерді талдау, тарихи интерпретация және сыни бағалау жататынын көрсетеді.

Цифрлық технологиялар білім беруде жаңа мүмкіндіктер ашады. Олар оқытуды интерактивті етеді және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, цифрлық орта зерттеуге негізделген оқытуды дамытуға мүмкіндік береді. Көптеген зерттеулер цифрлық құралдардың білім алушылардың оқу мотивациясын арттыратынын және олардың аналитикалық қабілеттерін дамытатынын дәлелдейді.

Зерттеу Есенов Университетінің Педагогика факультетінің педагогикалық мамандықтарының студенттері арасында жүргізілді. Экспериментке 40 студент қатысты:

- 20 студент – бақылау тобы
- 20 студент – эксперименттік топ

Зерттеу аралас әдіснама негізінде жүргізілді. Эксперименттік топта цифрлық технологиялар қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі әдістер пайдаланылды.

Зерттеу барысында сабақтарды бақылау, сауалнама жүргізу және аналитикалық тапсырмалар қолданылды. Атап айтсақ, 1-ші тәжірибе «Интерактивті карталар» деп аталып, «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында интерактивті тақта қолданылып, 2-ші тәжірибе онлайн-викторина (Kahoot) шеңберінде Kahoot платформасында сабақ соңында тест жүргізілді. 3-ші тәжірибе Виртуалды музей шеңберінде Google Arts & Culture арқылы виртуалды экскурсия ұйымдастырылды.

Зерттеу нәтижелері. 1-ші тәжірибе бойынша зерттеу нәтижелері эксперименттік топ қатысушыларының тарихи ойлау дағдылары айтарлықтай жоғары екенін №1 кесте арқылы түсіндіреміз. Атап айтқанда, цифрлық технологияларды қолданған оқушылар тарихи дереккөздерді талдауда жоғары нәтиже көрсетті. Олар тарихи ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оның мазмұнын терең түсінуге және салыстыруға бейім болды. Сонымен қатар, карта талдауы бойынша бақылау тобына қарағанда эксперименттік топтың тарихи оқиғаларды интерпретациялау деңгейі де жоғары болды. Эксперименттік топтың қатысушылары оқиғалардың себептері мен салдарын анықтап, тарихи процестерді жүйелі түрде түсіндіре алды. Түсіну деңгейі мен қызығушылықтары жоғары екенін көрсетіп, сыни бағалау дағдылары да едәуір дамығандығы байқалды. Студенттер түрлі дереккөздерді салыстырып, олардың сенімділігін бағалай алды. Бұл нәтижелер цифрлық технологиялардың білім алушылардың тарихи ойлауын дамытуға оң әсер ететінін дәлелдейді.

Кесте -1. 1-ші тәжірибе бойынша зертеу топтарының тарихи ойлау деңгейінің қорытындысы.

Көрсеткіш	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Түсіну деңгейі	69%	88%
Карта талдауы	63%	90%
Қызығушылық	70%	94%

Ескерту: кесте тәжірибе негізінде авторлармен құрастырылды.

2-ші тәжірибе бойынша студенттердің белсенділігі арттып, жылдам ойлау дамыды, есте сақтау жақсарды. Бәсекелестік орта қалыптасып, қателіктерді платформа арқылы көріп отыруға мүмкіндік туды. Орташа үлгерім: 68% → 87% құрады.

3-ші тәжірибе Виртуалды музей тақырыбында өткізіліп, нәтижесінде зерттеу дағдылары дамыды, тарихи қызығушылық артты, деректермен жұмыс сапасы жақсарды.

Эксперимент нәтижелері цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Эксперименттік топ қатысушылары тарихи оқиғаларды тереңірек талдап, себеп-салдарлық байланыстарды жақсы анықтады.

Талқылау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы»заңының үшінші бабына сәйкес «ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ғылым мен тәжірибе негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білімді игеруге, жеке адамның білімдарлығын ынталандыруға және дарындылығын дамытуға, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігін, оқу, тәрбие және тәжірибе бірлігін қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жасау» талаптарын орындау барлық білім саласының басты міндеттерінің бірі [7].

Питер Ли және Розалин Эшби тарихи түсініктің кезең-кезеңмен қалыптасатынын көрсетеді [8]. Біздің зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялар бұл үдерісті жылдамдататынын дәлелдеді. Сонымен қатар Марио Карэтэро цифрлық ресурстар тарихи мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді [9].

Ал Ричард Харрис және Тэрри Хэйдн қазіргі тарих оқытуындағы негізгі трендтердің бірі цифрлық білім беру екенін көрсетеді [10].

Алынған нәтижелер цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіндегі тиімділігін растайды. Олар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді және олардың аналитикалық қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, цифрлық құралдар оқушыларға тарихи ақпаратты әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың сыни ойлауын қалыптастыруға жағдай жасайды. Дегенмен, цифрлық технологиялардың тиімділігі оқытушының кәсіби дайындығына байланысты. Егер олар дұрыс әдістемелік тұрғыда қолданылмаса, күтілетін нәтиже бермеуі мүмкін.

Қорытынды. Қазіргі қоғамның ақпараттандырылуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу – білім сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе тарих пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың тарихи білімді терең меңгеруіне және тарихи ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты да цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануды қолдайды. Білім беру жүйесін цифрландыру оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану тарих пәнін оқытудың тиімділігін арттыратынын көрсетті.

Олар білім алушылардың:

- тарихи дереккөздерді талдау;
- тарихи оқиғаларды түсіндіру;

- сыни бағалау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық технологияларды жүйелі түрде қолдану білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Зерттеу нәтижелері оқытушылар мен білім беру ұйымдары үшін практикалық маңызға ие. Болашақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеу маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, тарих пәнін оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Эксперимент нәтижелері:

- оқу мотивациясының артқанын
- тарихи талдау қабілетінің дамығанын
- сыни ойлаудың қалыптасқанын
- білім сапасының жоғарылағанын көрсетті

Сондықтан тарих пәні оқытушылары мен мұғалімдері цифрлық технологияларды жүйелі түрде қолдануы қажет.

Біздің қоғамның дамуының негізі адам факторы, оның білімі, мәдениеті, күш-жігері, еркі мен табандылығы. Жаһандану заманында әлемді өзіне қарату үшін рухани байлық пен мәдениет керек десек, біздің еліміз ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан рухани тәжірибеге бай халық. Ағартушылық пен халықтың білім деңейі -ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының көрсеткіші. Ол экономика, саясат және мәдениет салаларындағы өзгерісті бейнелеп қана қоймайды. Сонымен бірге, өзі де осы өзгерістерге белсенді түрде әсер етеді.

Білім-жеке адамның әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді араласуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады[11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вайнбург С. Историческое мышление и другие неестественные действия: определение будущего обучения прошлому (Historical thinking and other unnatural acts). — 2001. Издательство Temple University Press. -255с.

2. Сейкксас П., Мортон T.The Big Six Historical Thinking Concepts. — Toronto: Nelson Education, 2013. — 218 с.

3. ВанСлэдрайт Б.Проблема переосмысления исторического образования: практика, теория и политика. — Нью-Йорк; Лондон: Routledge, 2011. — 200 с.

4. Левстик Л., Бартон К. Изучение истории: исследовательская работа с учащимися начальной и средней школы. — Нью-Йорк; Лондон: Routledge, 2015. — 296 с.

5. Пренски М. Обучение цифровым аборигенам: партнёрство для реального обучения. — Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2010.

6. Мишра П., Кёлер М. Дж.Технологически-педагогико-содержательное знание: модель учительского знания // Teachers College Record. — 2006. — Т. 108, № 6. — С. 1017–1054.

7. Арашова Н. К., Абдуазимова З.А. Университет қабырғасындағы тарих пен мәдениет:yessenov university тәжірибесі. «Yessenov Science Journal». No4(53)2025

8. Ли П., Эшби Р. Развитие исторического понимания у учащихся в возрасте 7–14 лет. — New York: New York University Press, 2000.

9. Карретеро М., Бергер С., Гревер М.Палгрейвский справочник по исследованиям исторической культуры и образования. — London: Palgrave Macmillan, 2017.

10. Харрис Р., Хейдн Т. Дебаты в преподавании истории = Debates in History Teaching. —Лондон : Routledge, 2012.

11. Табылдиева О.Д. Маңғыстаудағы халық ағарту ісінің даму тарихы //Yessenov science journal No2(34)-2018 ///Yessenov science journa, 2018, Vol.34, No235.

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ИСТОРИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ

Табылдиева О., Отесова Г., Ережепова Р.
Университет Есенова, Актау, Казахстан.
e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz, gulnar.otessova@yu.edu.kz,
rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Аннотация. В современной системе образования стремительное развитие цифровых технологий оказывает значительное влияние на обновление содержания и методов обучения. Особенно эффективное использование цифровых ресурсов в преподавании истории является важным инструментом формирования навыков исторического мышления у обучающихся.

В статье рассматривается роль использования цифровых технологий в преподавании истории для развития навыков исторического мышления обучающихся. В ходе исследования были проанализированы концепции исторического мышления, цифровые образовательные платформы и эффективность интерактивных методов. Кроме того, были проведены экспериментальные исследования, результаты которых были проанализированы, а также на основе научных трудов зарубежных ученых по вопросам исторического мышления и цифрового образования показано педагогическое значение применения цифровых технологий на уроках истории.

В статье рассматриваются педагогические возможности применения цифровых технологий, а также анализируется их влияние на аналитические, критические и интерпретационные способности обучающихся.

Цель исследования — определить эффективность использования цифровых технологий и оценить их роль в развитии навыков исторического мышления. В ходе исследования была использована смешанная методология, а результаты экспериментальной и контрольной групп были сопоставлены. Результаты исследования показали, что систематическое использование цифровых технологий значительно улучшает навыки анализа, сравнения и оценки исторических источников у обучающихся.

Выводы исследования доказывают, что эффективное внедрение цифровых образовательных инструментов повышает качество преподавания истории и способствует развитию у обучающихся навыков мышления высокого уровня.

Ключевые слова: историческое мышление, цифровые технологии, предмет истории, интерактивное обучение, историческое сознание, цифровое образование.

DEVELOPING STUDENTS' HISTORICAL THINKING SKILLS THROUGH DIGITAL TECHNOLOGIES IN HISTORY EDUCATION

Oryngul Tabyldiyeva, Gulnar Otessova, Rimma Yerezhepova
Yessenov University, Aktau, Kazakhstan
e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz, gulnar.otessova@yu.edu.kz,
rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Abstract. In the modern education system, the rapid development of digital technologies has a significant impact on updating educational content and teaching methods. In particular, the effective use of digital resources in history education serves as an important tool for developing students' historical thinking skills.

This article examines the role of digital technologies in teaching history and their impact on the development of students' historical thinking skills. The study analyzed concepts of historical thinking, digital educational platforms, and the effectiveness of interactive methods. In addition, experimental research was conducted, and its results were analyzed. Based on the scientific works

of foreign scholars on historical thinking and digital education, the pedagogical significance of using digital technologies in history lessons was demonstrated.

The article discusses the pedagogical possibilities of using digital technologies and analyzes their influence on students' analytical, critical, and interpretative abilities.

The purpose of the study is to determine the effectiveness of using digital technologies and evaluate their role in the development of historical thinking skills.

A mixed methodology was applied during the research, and the results of the experimental and control groups were compared. The findings showed that the systematic use of digital technologies significantly improves students' skills in analyzing, comparing, and evaluating historical sources.

The conclusions of the study prove that the effective integration of digital educational tools enhances the quality of history teaching and contributes to the development of higher-order thinking skills among students.

Keywords: historical thinking, digital technology, history subject, interactive learning, historical consciousness, digital education.